

2016 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы бойынша субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрлері бойынша субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінімді ұсыну мерзімдерін анықтау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 тамыздағы N 187 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 тамызда N 3867 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына, "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттерін атқарушысының 2015 жылдың 27 ақпанындағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау Қағидасының 10-тармағына сәйкес (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылдың 20 мамырында № 11094 тіркелген), Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізіміне қосуға өтінімді ұсыну мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің басшылық ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

және 2016 жылдың 24 тамызынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таратылады.

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданының әкімі

И. Турков

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы
әкімдігінің 2016 жылдың 23 тамызындағы №187
қаулысына қосымша

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Өтінімді ұсыну мерзімдері
Жаздық бидай	24 тамызынан бастап 05 қыркүйегіне дейін
Күздік бидай	
Күздік қара бидай	
Арпа	
Сұлы	
Қарақұмық	
Тары	
Дәнді-бұршақты	
Майлы	
Картоп	
Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсірген картоп	
Ашық топырақтағы көкөніс және бақша дақылдары	
Өнеркәсіптік үлгідегі жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	
Фермерлік жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	
Жем шөптер:	
Бірінші, екінші және үшінші жыл өсіп жатқан көп жылдық бұршақ тұқымдас шөптер	
Бірінші жыл егілген басқа да көп жылдық шөптер	
Сүрлемдік жүгері және күнбағыс	
Бір жылдық шөптер, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың қоспасы:	
Сұлы мен бұршақ; бұршақ, сұлы және арпа *	
Судан шөбі; тары; итқонақ; сұлы мен сиыржоңышқа **	
Сұлы, арпа, бұршақ және бидай; сұлы мен бұршақ; тары мен бұршақ ***	
Бұршақ пен сұлы; сұлы, арпа және бұршақ; судан шөбі мен бұршақ; тары мен бұршақ; бұршақ, сұлы және арпа; рапс пен сұлы ****	

*көк азыққа **пішенге ***пішендемеге ****жасыл конвейерге